

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ ЖАЛҒАСЫ

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЯҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің, атқарушы органның құрамына, Ішкі аудит қызметінің басшысы, Корпоративтік хатшы және оларды тағайындауды немесе тағайындалуын келісуді Компанияның Директорлар кеңесі немесе акционерлері жүзеге асыратын өзге де жұмыскерлер лауазымдарына білікті мамандарды тарту жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді.

Комитет сондай-ақ аталмыш жұмыскерлер мен лауазымды тұлғаларға сыйақы төлеу мәселелері бойынша ұсынымдар береді. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Тағайындаулар жөніндегі комитет пен Сыйақылар жөніндегі комитеттің қосылуы арқылы 2012 жылғы қазан айында құрылды.

Құрамы:

Дмитрий Ларионов
Комитет Төрағасы

Лорд Томас Александр Хескет
Комитет мүшесі

Нұржан Байдәулетов
Комитет мүшесі

Майлз Уэсткотт
Комитет мүшесі

Барлығы 2018 жылы Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің көзбе-көз нысандағы 11 отырысы өткізілді. Комитет мүшелерінің 2018 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпаратты 51-беттен қараңыздар.

Ролі және міндеттері

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құзыретіне мына мәселелер жатады:

- ▶ үміткерлерге арналған біліктілік талаптарын және тәуелсіз директорлыққа үміткерлерді, атқарушы органдағы лауазымдарға, Корпоративтік хатшы, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы және жұмыскерлері лауазымдарына сайлау немесе тағайындау жөніндегі ұсынымды дайындау;
- ▶ Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің Комитеттері мүшелерінің, атқарушы органның, Ішкі аудит қызметі басшысының және Корпоративтік хатшының сабақтастықты жоспарлау саясатын әзірлеу;
- ▶ Директорлар кеңесі, атқарушы орган мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшыға және сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның өзге де жұмыскерлеріне сыйақы төлеу саясаты мен құрылымы жөніндегі ұсынымдар;
- ▶ сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғам жұмыскерлеріне жыл қорытындысы бойынша сыйақы төлеу мәселесін қарастыру;
- ▶ Директорлар кеңесі, атқарушы орган мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшыға және сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның өзге де жұмыскерлеріне сыйақы төлеу деңгейі мен саясатының салыстырмалы талдауын жүргізу.

2018 жылғы қызмет

Комитет мынадай негізгі мәселелерді қарастырды:

- ▶ тәуелсіз атқарушы емес директорды іздеу: үміткерлерді қарастыру және ұсыну (іс басындағы тәуелсіз директорды алмастыруға және үшінші тәуелсіз директор үшін);
- ▶ Қоғамның еңбекақы төлеу саясатындағы өзгерістер және шығындар лимиттері бойынша ішкі регламенттер;
- ▶ сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі мен акционерлер жүзеге асыратын Қоғам жұмыскерлері үшін еңбекақыны және 2017 жыл қорытындысы бойынша бонус пен 2018 жылға жылдық бонус мөлшерін белгілеуді қоса алғанда, сыйақы төлеу жөніндегі ұсынымдар;
- ▶ басшылық үшін бонустық схеманы және сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғам жұмыскерлері үшін ең жоғарғы бонус мөлшерін бекіту жөніндегі ұсынымдар;

- ▶ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау;
- ▶ Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамындағы өзгерістер;
- ▶ Президенттің еңбек келісімшартына өзгерістер енгізу;
- ▶ жоғарғы басшылықтың жаңартылған сабақтастық жоспары;
- ▶ Президентті / бас директорды Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлау;
- ▶ Қоғамның тәуелсіз атқарушы емес директорлары үшін сыйақы мөлшері және сыйақы төлеу талаптары;
- ▶ Қоғамның инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі аға Вице-президентінің өкілеттіктерін тоқтату және жаңасын тағайындау.

2019 жылға арналған басымдықтар

Өзінің 2018 жылы жүргізілген реттеуші қызметіне қосымша, Комитет мына мәселелерді қарастыруға ниетті:

- ▶ Директорлар кеңесінің басшылары мен мүшелеріне арналған сабақтастық жоспары;
- ▶ Қоғам Президентіне сыйақылар мен өтемақыларды төлеудің толық топтамасы;
- ▶ жоғарғы басшылыққа арналған жылдық бонусты төлеу схемасын сыйақы төлеу талаптары тұрғысынан қайта қарау;
- ▶ Директорлар кеңесіне әлеуетті үміткерлерді ұсыну жөніндегі ұсынымдар;
- ▶ тәуелсіз атқарушы емес директорларға сыйақылар мен өтемақыларды төлеу мөлшерін қарастыру;
- ▶ тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет құзыретіне енетін басқа да мәселелерді қарастыру.